

**Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары мен әскери қызметтен және ішкі істер органдарынан босатылған адамдарға берілетін жеңілдіктер (ақшалай өтемақылар) туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 26 мамыр 1994 ж. N 565. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 789 қаулысымен. ~P020789

"1994 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 27 қаңтардағы N 1529 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 12 сәуірдегі N 1652 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 1675 U941675 \_ Жарлығының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, арнаулы әскери құрамалардың әскери қызметшілеріне (шақыру бойынша қызмет өткеріп жүргендерден басқаларына), ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына, сондай-ақ жасына, денсаулығына немесе штаттың қысқаруына байланысты әскери қызметтен, ішкі істер органдарынан босатылған, 20 және одан да көп жыл қызмет өткерген адамдарға тұрғын жай, коммуналдық қызмет, отын, тұрғын үйді күтіп ұстауға арналған пайдалану шығындары, пәтерге телефон орнату және пайдаланғаны, уақытша тұрғын жайды жалға алғаны (жалдағаны) үшін 50 проценттік ақы төлеу жөніндегі бұрын белгіленген жеңілдіктер орнына бір есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын ақшалай өтемақы төлеу белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.09. N 987 қаулысымен. P960987\_

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі республикалық бюджетте осы қаулының 1-тармағында аталған адамдарға ақшалай өтемақылар төлеуге арналған қаражатты көздейтін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ақпарат қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссия, Республикалық ұлан қолбасшысы, Азаматтық қорғаныс штабының бастығы мен Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі бастығы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы

адамдары мен әскери қызметтен және ішкі істер органдарынан босатылғандарға  
ақшалай өтемақылар төлеу тәртібін белгілесін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК